

**№2 Ғ.Қайырбеков атындағы мектеп-гимназиясының «Адал ұрпақ»
ерікті мектеп клубының жемқорлық пен құқықбұзушылыққа қарсы
өткізген іс-шаралар есебі**

№2 Ғ.Қайырбеков атындағы мектеп-гимназиясының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жемқорлық пен құқықбұзушылыққа қарсы өткізген іс-шаралар есебі.



Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Жыл сайын жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы екі есе көбейеді. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Тәртіп сақшылары қанша жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту күнтәртібінде тұр.


Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан. Ал, енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз казак айтқандай, әр-бір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.


Сонымен қатар, әр азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайтынын түсіндіреміз.



1. Қаңтар айында мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттері туралы сынып жиналысында таныстырылды.
2. 7-10 сынып оқушылары арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» атты тақырыпта ашық сынып сағаттары өткізілді.
3. 8-9-10 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторларымен «Тәртіпті болу тәрбиеден» атты тақырыпта баяндама жасап, мектеп оқушыларымен әңгіме-кеңес өткізді.
4. Тақырыпқа қатысты түрлі сұрақтар қойылды.



5. Мектеп психологі 5-7 сынып оқушыларынан психологиялық агрессияны анықтау барысында анкеталық сауалнамалар алып, қорытындысын шығарды.



6. Мектепте жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беруде жүйелі жұмыстар жоспар бойынша атқарылып келеді.
7. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қорамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты камтып көрсететін, «Адалдық – тәртіп нормасы» берік азаматтық позициясын бағамдайтын сыбайлас жемқорлықты көпшілік кінәлауда көрінетін құндылықтар жүйесі. «Адалдық – тәртіп нормасы » тақырбында 9 сынып оқушылар арасында пікірталас өтті.